"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИКОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Түркістан қ.,Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше 16-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Түркістан облысы бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Туркестан, микрорайон Жана Кала, улица 32, 16-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Департамент Казначейства по Туркестанской области БСН 000440001616

06.09.2021-ғы № 03-18/4103 шығыс хаты

«Серпіліс» қоғамдық қорына

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің «Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі Сіздің 13.08.2021 жылғы №118012, №6111128-1 «Услуги по организации/ проведению конференций/ семинаров/ форумов/ конкурсов/ корпоративных/ спортивных/ культурных/ праздничных и аналогичных мероприятий» (бұдан әрі - Конкурс) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алуға қатысты, «Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) өткізілген конкурсқа қатысты келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» (әрі қарай – Қағида) 233 тармағына сәйкес, Ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес);

3) егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізілетін орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса));

4) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері;

5) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

6) жоба белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс, аудан, қала) іске асырылған жағдайда - үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі;

7) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі;

8) жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы.

Осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі.

06.09.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Қағиданың конкурстық құжаттаманың 12 (Әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау) Қосымшасының 3 тармағына сәйкес, тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және нысаны, өткізу орны мен мерзімі, жауапты тұлғалардың тегі аты, әкесінің аты).

Мемлекеттік сатып алу веб-порталын зерделеу барысында, әлеуетті өнім беруші «Серпіліс» қоғамдық қорының өтінішінде келтірілген уәждемелер осы бөлігінде өз дәлелін таппағанын мәлімдейміз.

Себебі, әлеуетті өнім беруші «Серпіліс» қоғамдық қорының өтінімінде тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде көзделген барлық талаптарды қамтылмағандығы және тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары техникалық ерекшеліктің барлық талаптарын қамтиды және қызмет көрсету сапасын жақсартатын қосымша іс-шараларды көздейді, әрбір жоба тапсырмасында іс-шараның атауын және түрін, мерзімін және өткізу орнын сипатталмағандығы анықталды.

Камералдық бақылау – ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабының 5-тармағына сәйкес мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралғандығын мәлімдейміз.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік» Кодексінің 100 бабының 6 тармағына сәйкес, Сіз өтініш бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа шағым жасауға құқылысыз.

Бұл ретте, Заңның 47 бабының 9 тармағына сәйкес, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Басшының орынбасары **Т.Тултебаев**

Орындаған. С.Кузенбаев